ШОҚАН УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ

# «Педагогика адам туралы ғылым жүйесінде»

Орындаған: М.Д.Т

# Жоспар

1. Педагогика тәрбие туралы ғылым.
2. Я.А.Коменскидің педагогикаға сіңірген еңбегі;
3. Педагоґика категориялары, Педагогиканың салаық таралары;
4. Педагогиканың зерттейтін негізгі проблемасы

# Педагогика тәрбие туралы ғылым.

- *Педагогика* өзінің атауын гректің ***баланы жетектеуші*** деген сөзінен алған.
- Алғашқысында сөз құл қожаның баласын мектепке жетектеп апарушы дегенді білдірсе, кейін келе ол *тәрбие туралы ғылымның* аты ретінде қалды.



*Педагогиканың пайда болуы қоғамның жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолын табу мақсатынан және де өндірісті дамыту талабынан туған.*

- ***Тәрбие-*** қоғамның кейінгі ұрпақтарда өзін қайта көрсетумен байланысты атқаратын негізгі қызметтерінің бірі.

*Әрбір келешек ұрпақтың қоғамдағы орнын табуы ен алдымен өткен ұрпақтардың жинаған әлеуметтік тәжірибесін меңгеру деген сөз.*

Өсіп келе жатқан балалардың әлеуметтік тәжірибені игеруі үшін – делдал- **ұстаз, мұғалім** керек






- **Педагогика** — қоғам мен табиғаттың теңдесуін, өмірге қанағаттандыруда толық белсенді шығармашылық, рухани байлығына көмек беру, ***адамды тәрбиелеуді зерттейтін ғылым.***



Ғылыми педагогика XVII ғ II жарт пайда болды (ғылыми-педагогикалық жұмыстар мен жаппай мектептер) Бұл жаңалықтар чех педагогі **Я.А. Коменский** атымен байланысты. Ол оқушылардың жүріс-тұрыс ережелерін, **«Ұлы дидактика»** атты еңбегін жазды.



**Ян Амос Коменский**
**(1592-1670)**

Чех елінің белгілі ойшылы, педагог. Схоластикалық оқу жүйесіне қарсы шықты.

*Негізгі еңбектері:*

«Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі», «Ұлы дидактика», «Адамзат істерін түзету туралы жалпы кеңес», «Суреттердегі сезіммен қабылданатын заттардың әлемі», «Аналық мектеп», «Жақсы ұйымдастырылған мектептің заңдары».

- Педагогиканы философиядан алып, оның ғылым ретінде қалыптасуына үлкен үлес қосқан.

- Оқытудың ең негізгі және ұтымды түрі *сыныптық-сабақтық жүйе* деп белгілеген.
  - «Ұлы дидактика» еңбегінің авторы;
  - Оқу материалын оқушыларға түсінікті етіп баяндау үшін өте қажетті дидактикалық принциптерді *(көрнекілік, жүйелілік, біріздiлік)* ұсынды;
  - Оқытудың төмендегідей кезеңдерін береді: *автопсия* (өзбетті бақылау); *автопраксия* (практикалық әрекет); *автохрессия* (меңгерілген білім мен іскерлікті қолдану); *автолексия* (өз еңбегінің нәтижесін әңгімелеу іскерлігі); сондай-ақ, білім беру кезеңінің адамның жасына сәйкестігі.

## *•Я.А.Коменскийдің педагогикалық идеяларының мәні мынада:*

- *жалпы мен ерекшенің, тұтастық пен жеке бөліктердің, даму мен тәрбиенің, білім берудің қоғамдық жүйесімен тұтастай жеке тұлғаның табиғи да баяу еркін дамуының, дербес және қоғамдық дамудың бірлігі;*
- *тәрбиенің үш құрамдас бөлігі: ғылыми білім алу, адамгершілік тәрбиесі, діни тәрбие;*
- *жеке тұлғаның жан-жақты дамуы;*
- *адам - табиғаттың перзенті, сондықтан барлық педагогикалық құралдар адамның табиғатына сәйкес болуы қажет.*
- *табиғатты, адамды және оның іс-әрекетін басқаратын басты принциптердің бірлігін мойындауы;*
- *Білім беру мен оқытудың оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес жүруін, жеке пәндердің өмірмен байланысты салыстырмалы әдістермен оқытылуын талап етті;*



***Джон Локк***
(1632-1704жж)

***Джон Локк*** (1632-1704) **-** ағылшын философы, әрі ағартушысы
Негізгі еңбектері: "Тәрбие туралы ойлар"
Тәрбие теориясына басты назар аударды.
Тәрбие мақсаты - білімді, іскер, өз ісіне сенімді, адамгершілігі мол «джентельмен» тәрбиелеу.

*Баланы **«таза тақтаға»** теңеді; бала – не жазғың келсе соны жазуға болатын «ақ тақта» сияқты тап-таза.*

- ***Локк бойынша тәрбие идеалы*** – джентльмен – жоғары білімді және іскер адам. Әрине бұл жоғары деңгейдегі ортадан шыққан, үйге шақырылған мұғалімдер мен тәрбиешілерден тәрбие мен білім алған адам. Джентльмен – адамдармен қарым-қатынаста ерекше, іскер адамдардың сапаларын меңгерген адам. Осы ерекшеліктер XVIII-XXғ. батыстық тәрбие-білім беру дәстүрлері негізіне айналған.
- Джентльменді тәрбиелеу процесі бірнеше кезеңдерден тұрады және оның өзіне тән құрылымдық ерекшеліктері де бар: дене тәрбиесі – мінез бен ерікті дамытады; адамгершілік тәрбиесі – жақсы қылықтарды қалыптастырады; еңбек тәрбиесі; оқуға, білім алуға деген қызығушылық. Ең басты тәрбие құралы үлгі көрсету, еңбек, өсіп келе жаиткан адамның ортасы. Бұл жүйе тәрбиеленушілердің дербес ерекшеліктерін ескеруге, оны дамытуға, адамды дербес адам ретінде қалыптастыруға бағытталған.

*Арнайы ұйымдасқан, мақсатты және басқарылатын, мұғалімдер мен оқушылардың өзара әсерлесу процесі.*

↑

*Оқыту процесінде адамзаттың жинақталған білім, білік, дағдыларын меңгерту, ойлау тәсілдерін дамыту жүйесі.*

←

- **Тәрбие**
- **Білім беру**
- **Оқыту**

→

*Тұлғаны мақсатты және ұйымдасқан түрде қалыптастыру процесі.*

# Педагогика ғылымдарының жүйесіне

**ПЕДАГОГИКА**

*жалпы педагогика*

*педагогикамен білім берудің тарихы*

*салалық педагогика*

*жасерекшелік педагогикасы*

*корекциялық педагогика*

*мектепке дейінгі педагогика*

*салыстырмалы педагогика*

*кәсіби педагогика*

*жеке пәндер әдістемесі*

*әлеуметтік педагогика*

# Педагогиканың салалық таraулары




*Әскери педагогика атқаратындарды әскерге шақыру мамандықты игергендер мен офицерлер тәрбиелік заңдылықтарын зерттейді.*

*әр түрлі рангтағы әскери қызмет жасындағылардан бастап әскери құрамының тәрбиелік іс әрекеттерінің*

# Педагогиканың зерттейтін негізгі проблемасы

*Педагогика зерттейтін негзгі теориялық проблемаларды бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Ондай проблемалардың қатарына кіретіндер:*

**жеке адамның арнайы ұйымдастырылған тәрбие жағдайында дамуы және қалыптасуының мән – мағынасы мен заңдылықтарын зерттеу**

**тәрбиенің мақсатын анықтау**

**тәрбие тәсілдерін зерттеу**

**тәрбиенің мазмұнын белгілеу**

# Қорытынды

- *Педагогика* -адамзат ғылымының ең ежелгі және қоғам дамуының ажырамас саласы болып табылады.

- **Себебі**:педагогикалық білім ұғымы ұрпақты білімге дайындау немесе тәрбиелеу мен байланысты адам әрекетінің ерекше аймағына кіреді.